

## Экономика факультетінің түлектері



### Ошақбаев Әбілқайыр Тілеуғабылұлы

Ошақбаев Әбілқайыр Тілеуғабылұлы – экономика факультетінің 1991 жылғы түлегі.

1991 жылдан бастап 1994 жылға дейін Целиноград облысы Краснознаменск ауданы Днепропетровск аулының бас экономисті;

1994 жылдан бастап 1997 жылға дейін осы ауданның Днепропетровск ауылының өндірістік кооперативінің төрағасы;

1997 жылдан 2001 жылға дейін Ақмола облысы Бұланды ауданының «Партизан» ЖШС директоры;

2001 жылдан бастап Ақмола облысы Егіндікөл ауданының «Днепропетровск» ЖШС-нің бас директоры;

2002 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Ақмола облысы Егіндікөл ауданының «Қоржынкөл» ЖШС-нің бас директоры.

Егіндікөл ауданының маслихат депутаты. Депутаттыққа үш рет сайланған. Конституцияның 10 жылдығына орай медальмен және «Еңбек даңқы» құрмет белгісімен марапатталған.



### Калин Руслан Ильясович

Калин Руслан Ильясович – ҚР-ның еңбек сіңірген спорт шебері, «Динамо» спорт кешенінің бірінші орынбасары, экономикалық факультеттің түлегі.

1994 жылдан 2000 жыл аралығында мемлекеттік команда құрамасында болды, 1997 жылғы Индия (Гахавати) әлем чемпионатының қола жүлдегері, 1999 жылғы Швецияда (Стокгольм) полицейлер арасындағы, 2000 жылғы АҚШ-та, 2003 жылғы Испания (Барселона) әлем чемпионы. Халықаралық классты спорт шебері, жоғарғы категориялы ұлттық жаттықтырушы.

Органда жұмысын 1998 жылдан бастап ҚР ПМ операқызметкерінен бастады. Ірі қарай ҚР ПМ тәрбие-кадрлар департаментінде қызметін жалғастырған. Қазіргі кезде Астана қаласының ПД тәрбие және кадрлар жұмыстары бойынша басқарма бастығының орынбасары қызметін атқаруда.

2004 жылы Калин Рустам ҚР-ның «Армспорт» федерациясының мүшесі болды. Осы кезеңге дейін 30 спорт шеберлері, 15 халықаралық спорт шеберлерінен аса дайындады. Мемлекеттік команда құрамасында Азияның екiреттi чемпионы атанды.

2008-2009 жылдары Калин Руслан «Қазақстан 1» каналында «Большие гонки» халықаралық жобасында және «Намысдода»

бағдарламасына қатысты. «Астана 10 жыл» медалімен, «Қазақстан полициясына 15 жыл» белгісімен, «Қоғамдық тәртіп», «Спортқа қосқан үлесі үшін», «Құрметті қызметкер ҚР», «ҚР ІІМ құрмет» марапатымен, «ҚР Президент алғыс хатымен» марапатталды.



### **Смаилов Бауржан Амангелдіұлы**

Смаилов Бауржан Амангелдіұлы – 1991 жылғы экономикалық факультетінің түлегі.

– Астана қаласының кәсіпкерлер құқықтарын қорғау Ассоциациясының мүшесі (1999);

– ҚР Президентінің кәсіпкерлер кеңесінің мүшесі (2005);

– «Атамекен» үйлестіру кеңесі жалпыұлттық одағының мүшесі.

– Занды тұлғалар бірлестігінің төралқасы

«Атамекен» Қазақстанның ұлттық экономикалық палатасы одағының мүшесі. (2012 жылдан қазіргі уақытқа дейін).

Мемлекеттік және халықаралық марапаттары, сыйлықтары және құрмет атақтары:

– «Құрмет» ордені (2005)

– Медальдар: «Ерен еңбегі үшін», «ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығы», «ҚР Парламентінің 10 жылдығы», «ҚР Конституциясының 10 жылдығы»;

– «Онжылдықтың ең үздік жұмыс берушісі» Республикалық байқауының жеңімпазы (2001).



### **Чернышев Вячеслав Павлович**

Чернышев Вячеслав Павлович – экономикалық факультеті экономист-ұйымдастырушы мамандығының 1985 жылғы түлегі.

1985 жылы оқу орнын аяқтағаннан соң Возвышенский ауданындағы «Александровский» совхозында экономист болып, 1986 жылы бас экономист болып жұмыс атқарды.

1996 жылдан бастап «Александровское» ЖШС-ның басшысы болды. 2001 жылғы «ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» және «2011 жылғы ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» мерейтойлық медальдарымен марапатталған.



## **Мустафина Сабила Сапарқызы**

Мустафина Сабила Сапарқызы - 1982 жылғы экономика факультетінің түлегі.

Еңбек қызметін сүйек-ұн зауытында бас экономист болып бастады. 1983 жылы бастаған комсомол жұмысқа өтті. 1989 жылы Мәскеу қаласында политолог мамандығы бойынша жоғарғы комсомол мектепті бітірді. Еңбек жолын комсомол орталық комитетінің хатшыдан, алғашқы комсомол ұйымының хатшысына өтті.

1996 жылы Республикалық бюджетті орындау бойынша есептік комитетте жұмыс істеді. 1999 жылы гендерлік саясат және жанұя жұмысы бойынша ұлттық комиссияны басқарды.

2002 жылы ҚР Премьер-Министр секретариятын меңгереді. Келесі жылдарда Президент Әкімшілігінің кеңсесінің ҚР Мемлекеттік хатшылығының бас инспекторы болды. 2004 жылы қарашада Астана қаласының әкімінің орынбасары қызметін атқарды. 2006-2008 жыл аралығында Президенттің ішкі саясат бөлімін басқарды.

2008 жылы сәуірінде Астана қаласының «Сарыарқа» ауданының әкімі болды. 2011 жылдың 29 қарашасынан бастап «Есіл» ауданының әкімі болды.

«Құрмет» орденімен және Мерейтойлық медальдар – «ҚР-ның Тәуелсіздігіне 10 жыл»; «ҚР-ның Конституциясына 10 жыл»; «Астана 10 жыл»; «ҚР – ның Тәуелсіздігіне 20 жыл» медальдарымен марапатталды.



## **Смагулов Аскар Сайлаубекұлы**

Смагулов Аскар Сайлаубекұлы – экономика факультетінің «ауылшаруашылық өндірісін ұйымдастырушы - экономист» мамандығы бойынша түлегі.

2003-2005 ж.ж. аралығында Халықаралық бизнес Академиясында білім алған. MBA дәрежесіндегі үздік дипломды иеленген. 2005 жылды? ең үздік тыңдаушы атағын алған.

1993 жылы жастар жұмысы бойынша жастар кәсіпкерлігін қолдау қорының облыстық комитетінің директоры болды.

1994 жылы «Есіл» АҚ-на бас экономист қызметіне ауысқан.

1997 жылы «Проминвест» АҚ-ның вице-президентіне тағайындалды.

1999 жылдан бүгінгі таңға дейін «Ақмолалық вагон жөндеу заводы» АҚ-ның қаржы директоры қызметінде жұмыс жасауда. Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

2011 жылдан «АқЖол» ҚДП Астана қалалық филиалына басшылық етуде.

«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне  
қарсаңында медальмен марапатталған.

20 жыл» толу

### **Хан Юрий Анатольевич**



Хан Юрий Анатольевич – 1985 жылдың түлегі, экономика ғылымының докторы, профессор.

1985-1987 жылдар аралығында – ЦАШИ ауыл шаруашылығы экономикасының статистика кафедрасының ассистенті.

1988 жылы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы экономикасының ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасының күндізгі бөліміне оқуға тиісті (РФ, Москва қ.).

Оның бүкіл ғылыми-педагогикалық және өндірістік қызметі Қазақ ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының экономика және ұйымдастыру саласымен байланысты болды. 1992 жылдан бастап – жоғарғы ғылыми қызметкер, содан соң Целинный филиалының РМКП «ҚазҒЗИЭО А?К»-ның ауыл шаруашылығы азық-түлігі және іздеуші өнеркәсібі бөлімінің бастығы.

2004-2009 жылдар аралығында ҚР-? АШМ-ң АҚ «ҚазАгроИновация» ЖШС «ҚазҒЗИЭУ А?К»-ң «Аграрлық нарық және А?К нарықтық құрылымы»-ның бөлім меңгерушісі болды.

2009 жылдан қазіргі уақытқа дейін – «А?К-ның менеджмент және логистика» бөлімінің бас ғылыми қызметкері, 2012 жылдан ҚР-ның АШМ-ң «А?К кәсіпкерліктің дамуы» «ҚазҒЗИЭУ А?К» ЖШС-гі «ҚазАгроИновация» АҚ болып өзгертіледі.

Оның Қазақтанның А?К әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде орын алатын және агроөндірістік нарықтың дамуына маңызды үлес қосатын 90 ғылыми жұмыстар, соның ішінде 2 жеке және 4 ұжымдық монографиялар, 30 астам ұсынымдар мен кітапшалар, жалпы көлемі 90 б.б. тұратын ғылыми еңбектері бар. Көптеген жоғары деңгейдегі ғылыми еңбектері үшін бірнеше рет ҚР АШМ және ҚР құрмет марапаттауларымен марапатталған.